

Бекітемін «08» 08 2023 ж.

ЖШС «Айтек-Итес» «Smart kids»  
балабақшасының меңгеушісі  
Ускембаева К.Т.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие тепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жопары.**

«Айгөлек» ортаңғы тобы.  
Тәрбиеші: Нұралы.Г.Н.

Алматы 2023

Бекітемін: \_\_\_\_\_

Меңгеруші: Ускембаева К.Т.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023\_\_ - 2024\_\_ оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Smart kids» балабақшасы «Айгөлек» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қыркүйек айы

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қыркүйек</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Қыркүйек айы</b> Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуге, өтінішін, ырзашылығын

	білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу
<b>Математика негіздері</b>	«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.
<b>Құрастыру</b>	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;
<b>Сурет салу</b>	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар) суретті салу.
<b>Мүсіндеу</b>	сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру
<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау. Балаларға шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырата алуға, музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіруге баулу. <b>Ән айту:</b> Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Баланың көңілін аудару. Зейін қою. Музыкалық шығарманың сөзін түсіндіру. Жеке, топпен, хормен ән айтуға баулу. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру. Баланың музыкамен кіруі, жүруі, тұруы, музыканың аяқталуын сезіндіру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:  Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p> <p>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру. Ертегі</p>

	кейіпкерлерінің образына кіріп ойнау дығдыларын қалыптастыру.
<b>Қазақ тілі</b>	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
<b>Математика негіздері</b>	Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.
<b>Құрастыру</b>	Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану.
<b>Сурет салу</b>	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
<b>Жапсыру</b>	Түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау. Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алу дағдысын қалыптастыру.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Балаларды музыка тыңдай білуге үйрету. Музыканы тұтастай қабылдау, сезіну музыкалық мәнерлілікке баулу. Музыканы тыңдай отырып, балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту. <b>Ән айту:</b> Әнді хормен, жеке, екіден, үштен, топпен бірге ән айтуды жетілдіру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз до-ре бірінші октавасының диапазонында ән салу. Әннің басталуы мен аяқталуын сезіндіру.

	<b>Музыкалық- ырғақтық қимылдар:</b> Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. Баланың музыкамен кіруі , жүруі, тұруы. Әр-түрлі қимыл-қозғалыстарды үйренуі.
--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<b>Қараша</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Негізгі қимылдар:  Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.  Жалпы дамытушы жаттығулар  Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:  қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);  заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;  қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;  қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.  Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.  Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру. Ойдан әңгіме құрастыруды машықтандыру</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған</p>

	орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.
<b>Математика негіздері</b>	Биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету. Қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «Қанша? Неше?» сұрағына жауап беру.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.
<b>Құрастыру</b>	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеу және жасау. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу.
<b>Сурет салу</b>	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.
<b>Жапсыру</b>	Желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау. Жырту, умаждау әдісін қолданып жапсыру. Ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады. <b>Ән айту:</b> Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Негізгі қимылдар:  Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар  Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:  қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);  заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;  қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;  қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.  Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу. Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну</p>

	дағдыларын қалыптастыру.
<b>Математика негіздері</b>	Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады, топтастырады. Ойын әрекетінде қолдана біледі.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
<b>Құрастыру</b>	Көп түсті құрылым құрастыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу
<b>Сурет салу</b>	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру.
<b>Мүсіндеу</b>	Табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар, жемістер, көкөністер т.б).
<b>Жапсыру</b>	Ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуге үйрету. Бүктеу, қатпарлау әдісін үйрету және пайдалану. Түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. <b>Ән айту:</b> Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қантар	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Аяққа арналған жаттығулар:  аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;  қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;  отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:  Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау;  Салауатты өмір салтын қалыптастыру.  Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.  Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту;  ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.  Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға;шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға үйрету.  Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру. Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p>Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын қалыптастыру. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең,биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы</p>

	бойынша үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
<b>Құрастыру</b>	Үлгі бойынша құрастыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
<b>Сурет салу</b>	Келесі дағдыларды қалыптастыру: сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану; қарындаш, қылқалам, бояу, гуашьты пайдалану; негізгі түстер мен олардың реңктерін пайдалану; таяқпен қарға, қар кесектерін бояп сурет салу; ойлау бойынша дербес сурет салу.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру
<b>Жапсыру</b>	Желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу дағдысын қалыптастыру. Ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін(жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. <b>Ән айту:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу, әннің сөздерін анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Дербес қимыл белсенділігі</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Адамның денсаулығына пайдалы (көгеністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен толықтыру.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту.</p> <p>Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға машықтандыруды жалғастыру.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге машықтандыру.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке ұғымдарын қолдану.</p>
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді</p>

	жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).
<b>Құрастыру</b>	Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерден түрлі заттар құрастырып түрлендіру. Құрастырған құрылыс пен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
<b>Сурет салу</b>	Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қарапайым сюжеттік композицияларды құрау барысында дәстүрден тыс бояу әдісін пайдалану (губкамен, щеткамен, мақтамен сурет салу)
<b>Мүсіндеу</b>	Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру.
<b>Жапсыру</b>	Жаймадағы дайын пішіндерге жағылған желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану арқылы түрлі жемістер мен жануарлар мүсінін жасау.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. <b>Ән айту:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу,әнніңсөздерін анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар:  Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;  Жалпы дамытушы жаттығулар  Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:  қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);  заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;  қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;  қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.  Салауатты өмір салтын қалыптастыру.  Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.  Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.  Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Өлең, тақпақты мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.</p>
	Қазақ тілі	<p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
	Математика негіздері	<p>Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атауды бекіту. Командада жұмыс істей білуге дағдыландыру</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын</p>

	мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру
<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді, оларды түсі, шамасы бойынша тану білімдерін бекіту. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру.
<b>Сурет салу</b>	Жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру. Дене мүшелерін ретімен салуға үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Сюжеттік мүсіндеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру.
<b>Жапсыру</b>	Келесі дағдыларды қалыптастыру: ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру; пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру; геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. <b>Ән айту:</b> Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сәуір	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Домалату, лақтыру, қағып алу.</p> <p>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p> <p>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту;</p> <p>шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;</p> <p>артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру. Ойдан әңгіме құрастыруды машықтандыру. Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу. Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p>Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды.</p>
	<b>Қоршаған ортамен</b>	<p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір</p>

<b>таныстыру</b>	көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану
<b>Құрастыру</b>	Қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша немесе ойдан құрастыру.
<b>Сурет салу</b>	Салынған пішіндерін бояуды (штрихтау, мақталы таяқшаларымен бояу); дәстүрден тыс сурет салу (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен салу) Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеу (аққала, поезд, шарбақ, моншақ, сырға) Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды, ойыншықтар түрін мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді : жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады екенін қайталап, сол әдіспен жасалған жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. <b>Ән айту:</b> дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Мамыр	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Спорттық жаттығулар:  Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары  Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау:  белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.  Сауықтыру-шынықтыру шаралары  Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ата-аналардың қалауларын ескеріп, мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің шешімі бойынша арнайы шынықтыру шараларын жүргізу.  Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.  Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.  Өткенді қайталау.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Қазақхалық ауыз әдебиеті шығармаларымен,салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;  қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;  балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Ертегі кейіпкерлерінің образына кіріп ойнау дағдыларын қалыптастыру. Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу.</p>
	<b>Математика негіздері</b>	<p>Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру. Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,</p>

	атайды;өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауды бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін атауды бекіту.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
<b>Құрастыру</b>	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
<b>Сурет салу</b>	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу.
<b>Мүсіндеу</b>	Қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.
<b>Жапсыру</b>	Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. Жыл мезгілдерінің түрлі композицияларын жасау. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы түрлі заттарды әшекейлеу.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. <b>Ән айту:</b> Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және

		заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.
--	--	---